«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев
« _____» _____ 2025 ж

25 қазан ҚР Республика күніне орай, «Еңсесі биік -егемен ел» атты мерекелік концерт

ҚР Республика күніне орай, “Еңсесі биік - егемен ел”
атты мерекелік концертінің
Сценариі

Өтетін жері: Абай атындағы МДК үлкен зал

ФАНФАР
Жүргізушілер шығады

Жүргізуші 1: Армысыздар, ардақты ағайын!
Тәуелсіздіктің алтын тұғыры – Республика күні құтты болсын!

Жүргізуші 2: Егемен елдің еңселі мерекесі – барша қазақстандықтардың ортақ қуанышы. Ендеше бүгінгі «Еңсесі биік – егемен ел» атты мерекелік концертімізге қош келдіңіздер!

Жүргізуші 1: Республика күні – халқымыздың тарихында алтын әріппен жазылған мерекелердің бірі. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстан өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін айқындап, егемендігін жариялаған еді.

Жүргізуші 2: Сол күннен бастап халқымыздың көк байрағы көкте желбіреді, асқақ әні әлемге естілді. Бүгінгі мереке – өткен тарихымызды еске алып, болашағымызға нық сеніммен қарауға шақыратын ұлық күн.

Концерттік бағдарлама 4 номер

Жүргізушілер шығады

Жүргізуші 1: Қазақ халқы үшін тәуелсіздік – ең асыл қазына. Біз азаттықтың ақ таңы атқан сәттен бастап, бейбіт елдің берекелі өмірін сүріп келеміз.

Жүргізуші 2: «Өз елін сүймеген адам – ештеңені сүйе алмайды» дейді дана халқымыз. Сондықтан да әрбір азаматтың парызы – туған жерін, Отанын шексіз сүю.

Жүргізуші 1: Әрбір қазақтың жүрегінде «Отан» деген ұлы сезім тербеледі. Ол сезім – бабалардан мирас болған аманат.

Жүргізуші 2: Аманатқа адал болу – елін сүйген әрбір жастың міндеті. Ендеше сахна төрінде жас ұрпақтың Отанға деген сүйіспеншілігін білдіретін өнерлерін қабыл алыңыздар!

Концерттік бағдарлама 4 номер

Жүргізушілер шығады

Жүргізуші 1: «Өткенін білмегеннің болашағы бұлыңғыр» дейді халқымыз. Сол үшін біз азаттыққа жету жолындағы тарихымызды ешқашан ұмытпауымыз керек.
Желтоқсанның ызғарлы желі, боздақтардың өр рухы – егемендіктің бастауы еді. Сол қайсар жастардың ерлігінің арқасында біз бүгін азат елде шат-шадыман өмір сүріп жатырмыз.

Жүргізуші 2: Қазақ елі – бейбітшілікті ту еткен, ынтымақ пен татулықты үлгі еткен мемлекет. Бүгінде төрткүл дүниеге танылған Тәуелсіз Қазақстан бар. Елбасы айтқандай: «Тәуелсіздік – біздің ең қасиетті қазынамыз». Бұл қазынамызды көздің қарашығындай сақтау – әрбір азаматтың борышы.

Концерттік бағдарлама 4 номер

Жүргізушілер шығады

Жүргізуші 1: Отан – отбасынан басталады дейді дана халқымыз. Әр шаңырақта бірлік орнап, әр жүректе елге деген сүйіспеншілік тербелсе, Қазақстанның келешегі кемел болмақ.

Жүргізуші 2: Ақиқатында, елдің қуаты – бірлікте. Туған жерін сүйген адам – нағыз патриот. Патриот болу – тек сөзбен емес, іспен дәлелденетін қасиет.

Жүргізуші 1: Құрметті көрермен! Бүгін біз азат елдің асқақ мерекесін бірге атап өттік. Бұл күн – әр жүрекке қуаныш ұялатып, болашаққа сенім сыйлайды.

Жүргізуші 2: Тәуелсіз Қазақстан мәңгі жасасын!
Халқымыздың берекесі артып, ырысы тасысын!
Республика күні құтты болсын, ағайын!
Келесі кездескенше, аман сау болыңыздар!!!